



Жаратылыстану-математика бағыты

«Ормантану» пәні бойынша оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест спецификациясы

(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В079 – Орман шаруашылығы

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Орманшылық негізі	01	Орманды күту үшін кесудің классификациясы.	Орманды кесудің түрлерін және мақсатын білу.
02	Күтім үшін кесудің мақсаты және міндеті	02	Жалпы түсінік.	Күтім кесулерінің шарушылық негізін білу.
		03	Күтім үшін кесудің мақсаты.	Күтім кесулерін анықтау және белгілеу.
		04	Күтім үшін кесудің түрлері.	Күтім кесулерін жас бойынша жіктеу.
03	Күтім үшін кесудің арнайы түрлері	05	Санитарлық кесулер.	Санитарлық кесулердің мақсатын білу.
		06	Бұтақтарды кесу.	Бұтақтарды кесу процессін білу.
04	Басты пайдалану үшін кесу	07	Іріктеп кесулер.	Іріктеп кесу түрлерін білу.
		08	Еріксіз іріктеп кесулер.	Іріктеп кесу түрлерін жіктей білу.
05	Жаппай кесулер	09	Жаппай кесу жүйесі.	Жаппай кесу жұмыстарын жүргізу тәртібін білу.
06	Концентрленген жаппай кесу	10	Концентрленген жаппай кесу.	Жаппай концентрлінген кесудің ерекшеліктерін білу.
		11	Концентрленген жаппай кесулердің өту тәртібі.	Жаппай концентрлінген кесулердің жүргізу тәртібі.
07	Іріктеп кесуді ұйымдастырудың техникалық көрсеткіштері	12	Орман кеспеағаштарының көлемі және пішіні.	Орман кеспеағаштарының көлемі және пішінін анықтай білу.
		13	Кеспеағаштардың бір біріне	Кеспеағаштардың бір біріне

			қосылу түрлері және мерзімі.	қосылу түрлерін ажырата білу.
08	Біртіндеп кесу	14	Біртіндеп кесудің түрлері.	Біртіндеп кесудің түрлерін ажырата білу.
09	Табиғи түлеуге әсер ету	15	Табиғи түлеуге әсер етудің маңызы.	Табиғи түлеуге қосарласу жұмыстарын білу.
		16	Тұқымдық ағаштарды қалдыру.	Тұқымдық ағаштарды анықтай білу.
10	Өртке қарсы шараларды ұйымдастыру	17	Орман өрттерінің алдын алу шарасы.	Орман өрттерінің алдын алу жұмыстарын білу.
		18	Орман өрттерінің түрлері.	Орман өрттері түрлерінің ерекшеліктерін білу.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Ормантану» пәні бойынша бір дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмаларынан тұрады. Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:

Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. «Орманшылық негіздері». Сарсекова Д.Н./ Павлодар: Кереку, 2009, - 146 б.
2. «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 тамызда № 11894 болып тіркелді

«КЕЛІСІЛДІ»

**Оқу-әдістемелік
бірлестігінің төрағасы**

А.М.Кожакөв

(қолы)

«__» _____ 202__ ж.

AF

Deef

AK

А.М.Кожакөв